

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

ішкі туризм

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.11.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/110770/>

Туризм – мемлекет жарнамасы. Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл сала тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығы мен ерекшеленіп отыр. Осы тұста еліміздің туристік шаңыраққа айналуына әбден мүмкін деген болжаумен келісуге болады. Себебі, әр аймақтың өзіне тән тарихы, археологиялық қазбалары, табиғаты, елі және салт-дәстүрі бар. Дәл осы тәрізді біздің көркем де, әсем жеріміздің түкпір-түкпірінде өзіне ғана тән гаухарларын табуға болады. Мәселен, Жамбылдың Мыңбұлағы, Көкшетаудың Оқжетпесі, Алматының шөлейт аймақтарында орналасқан Тамғалысы және басқа да аты аңызға айналған жерлерді айтуымызға болады. Өкінішке орай, туристердің көпшілігінің әуелі танысып өтетін интернет беттерінде Қазақстанның барлық туристік жерлері туралы біліп, танысуларына мүмкіндік жоқтың қасы. Қызығушылық тудыратындай айтылмаса, жазылмаса, көрсетілмесе шетелдік емес, жергілікті азаматтардың да жеріміздің әсем жерлеріне баруы қиын-ақ, және еліміздің ішкі туризмі өкінішке орай әзірге мақтанып айтарлықтай дәрежеде емес. Бірақта біз сол шет елден кем түспейтін дамуда қажет ететін туристік орындарға шолу жасайқ:

1. Балқаш жағалауы

Балқаш — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында. Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш-Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр. Көлдің солтүстік жағалауы Сарыарқаның ұсақ шоқылы тау сілемдерімен ұштасып жатқандықтан, биік жарқабақ болып келеді және көптеген жыра-жылғамен тілімденген, ал оңтүстік жағалауы – суы біртіндеп тартылған кезде жиналған шөгінділерден пайда болған құмды ойпат. Көлдің көптеген шығанақ, қойнаулары бар, аралдары аз, үлкендері: Басарал, Тасарал. Балқаш туралы алғашқы жазба деректер 13 ғасырдан белгілі. Шоқан Уәлихановта Балқаш алабын зерттеп, сипаттаған. Көл беті көбіне қарашаның аяғында қатып, сәуірдің ортасында мұзы ериді. Мұздың қалыңдығы кей жылдары 150 см-ге жетеді. Таудағы мұздықтар еріген кезде (маусым – шілде) су деңгейі

біраз көтеріледі. Балқаш – жартылай тұщы көл. Көлде балықтың 20-дан астам түрі бар, мұның 6 түрі ежелден көлдің өзінде өскен балықтар (Іле, Балқаш көкбасы, Балқаш алабұғасы, т.б.), қалғандары басқа жақтан әкелінген (карп, аққайран, шип, көксерке, Арал қаязы). Ауланатын балық (жылына 9 – 10 мың т) – сазан, көксерке, Балқаш алабұғасы, маринка, аққайран.

2. Алакөл жағалауы

Алакөл — Қазақстандағы Алматы және Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан тұйық көл, Қазақстандағы ең ғажайып көлдердің бірі. Аумағы 20 мың гектардан асатын бұл өлкеге денсаулығын түзеткісі келетіндерден басқа, теңдесі жоқ көлде шомылу мен балық аулағанды ұнататындар келеді. Орта ғасырларда «Гургенор», кейін «Алактогол», «Алатеңіз», «Алакта» деп те аталған. Алакөл — Жетісудың Балқаштан кейінгі үлкен көлі. Ол Алакөл ауданының солтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр. Алакөлдің ең ірі шығанағы — Алакөл шығанағы. Ол көлдің оңтүстік-шығысындағы тау аралық ойыста орналасқан.

3. Шарын шатқалы

Шарын өзенін 154 шақырым бойлай жатқан табиғи нысан. Шатқал Алматы қаласынан 195 км-дей шығысқа қарай орналасқан. Шарын өзенінің барлық нысандары 2004 жылдың 23 сәуірінде құрылған Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрамына кіреді. Шатқал Шарын өзені бойымен солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 154 км созылып жатыр. Бұл аймақтың рельефі әртүрлі. Шарын өзеніне Теріскей және Күнгеі Алатау жоталарының солтүстік баурайынан бастау алатын көптеген өзен сулары қосылып, суы мол өзенге айналады да, Жалаңаш ойпаты мен Торайғыр тауын шығысынан қақ жара өтіп орасан зор шатқал жасайды

4. Алматы өңірінің тау кластері

Алматы және Алматы облысы тау кластерін дамыту бойынша мастер жоспар әзірлене бастады. Құжат тау шаңғы курорттарын, хайкингке арналған тау соқпақтарын, ұзындығы 500 шақырым, цифрлап белгіленген велосипед маршруттарын және треккингті көздейді. Жоспар «Шымбұлақ», «Табаған», «Лесная Сказка», «Ақ Бұлақ», «Тау Парк», «Алматау» және т.б. сияқты тау шаңғы курорттары мен базаларын қамтиды деп болжануда. Қаланың орталығы мен әуежайдан 30 минут жерде орналасқан таулар экотуризмді дамыту үшін орасан зор әлеует. Тау кластерін дамытуда жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі. Мәселен, шетел туристері сапарларының 40% Алматыда өтеді.

Еуропадан және Азиядан келген шетел туристерінің 60% Алматыны табиғаты бүлінбеген жер ретінде таңдайды

5. Көне Түркістанды қалпына келтіру

Түркістан — Қазақстандағы қала, Түркістан облысының әкімшілік орталығы. V-VI ғасырларда іргетасы қаланған. Есім ханнан бастау алып, XIV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болған. Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. XIV ғасырда Ақсақ Темір іргетасын қалаған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бар. Бұл қалада Қожа Ахмет Ясауи өзінің уағызшылық қызметін жүргізген. Кесене аумағында Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр тағы басқалар жерленген Қаланың іргетасы біздің заманымыздың 1-мыңжылдықтың бас кезінде қаланған. Археологтар Түркістан қаласының тарихы тереңде жатқанын дәлелдеп отыр. Түркістан – Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Ол туралы алғашқы деректер араб жазбаларында ІҮ-ІХ ғғ. бастап Шавғар деген атпен кездесе бастайды. Араб тарихшы-географы Әл-Истахри ибн Кордаубех ат-Танрази өз жазбаларында: “Көне Шавғар XI ғасырға дейін өмір сүрген де, XIғ. бастап қала орталығы Ясыға көшті”, — дейді. Бұл деректерді қазіргі біздің археолог ғалымдар да растайды.

6. Ащысор туристік аймағы

Нұра өзенінің алабындағы тұйық, тұзды көл.Қарағанды облысы Нұра ауданының орталығы — Нұра кентінен батысқа қарай 27 км жерде, Мұзбел тауының оңтүстігінде орналасқан.

7. Бурабай курорттық аймағы;

Бурабай — Көкшетау қыратындағы тұйық көл. Тектоникалық ойыста жатқан көл дөңгелек пішінді, табаны тегіс, солтүстікке қарай еңістеу келген. Солтүстік, батыс және оңтүстік жағалаулары граниттен түзілген, шығысы – құмдауытты. Бурабайдың суы жұмсақ және мөлдір, түбіне дейін айқын көрінеді. Солтүстік, батыс және оңтүстік жағалауларын айнала қоршаған әр түрлі пішіндегі жартастар мен жарқабақтар, көлге сұғына енген әсем мүйістер (Қызылтас, т.б.), сыңсыған қарағайлы-қайыңды ормандар Бурабайға ерекше көрік береді. Төңірегінде Бурабай шипажайы, «Оқжетпес» және «Голубой залив» демалыс үйлері орналасқан. Көл суында алабұға, шабақ, сазан, шортан, табан балық бар. Бурабай табиғатының ерекше сұлулығы көптеген әдебиет және көркемсурет шығармаларына арқау болған.

8. Имантау-Шалқар курорттық аймағы

Биыл автокараванингты дамыту көзделген. Мобилдік туризмге қолайлы жер Шалқар көлінің маңында. Демалыс базаларында арнайы жер үлесі бөлініп, инженерлік

коммуникациялары бар автотұрақ пен жорық шатырларына арналған алаң жасалынмақ. 52 орынға шақталған 13 жазғы үй өз келушілерін күтуде. Сондай-ақ шатыр тігемін деген демалушыларға да бар жағдай жасалмақ. Бұл жерге туристер келіп, шатырларын тігеді. Автокөліктерге арнайы орын белгілеп, күзет қойылады. Түр-түрлі сауық түрлерін ұйымдастырылу көзделуде. Аумақ тәулік бойы қорғалады. Жалпы, Имантау-Шалқар курорт аймағында туризм саласы қарқынды түрде дамуда. Жол сапасы ерекше назарда. Тек Айыртау ауданына биыл жолдарды жөндеуге 4 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Биыл курорт аймағында 10 заманауи демалыс базасы салынбақ. Инвестициялардың жалпы көлемі 411 миллион теңгені құрайды. Аталмыш аймақта көптеген коттедждер, жазғы үйлер, дәмхана және дүкендер бой көтереді. Айыртау ауданында тарихи, емдік, спорттық, аң және балық аулау туризмі жақсы дамып келеді. Яхта және желкен спортын дамыту да жоспарда бар.

9. Баянауыл курорттық аймағы

Өте көрікті жер. Тарихы 1826 жылы казак станицасының құрылысынан бастау алады. Баянауыл елдімекені – курортты аймақ, ол 1985 жылы Ұлттық табиғи саябақ статусына ие болды. Саябақ табиғаты өте ерекше жаралған табиғатымен әйгілі: Баянауыл таулары батыстан шығысқа қарай 40-50 шақырым, солтүстіктен оңтүстікке қарай 20-25 шақырым. Ең биік нүктесі – Ақбет тауы, ол 1026 м биіктікте. Таулы-орманды оазис 450 шаршы шақырымды алып жатыр, оның негізгі ерекшелігі – жартастар (Кемпіртас, көгершін, Булка (Найзатас), аттың басы, тас жастықтар және т.б.), Сабындыкөл (ауданы 7,4 шаршы шақырым) және Жасыбай (ауданы 4 шаршы шақырым) көлдері, үңгірлер (Әулиетас 22 м) және Драверта үңгірі (тастағы жазулар), Құмыра (сарқырамасы бар 3 м), тас шатқалдары және т.б. көрікті жерлердің болуы. Жасыбай, Сабындыкөл және Торайғыр көлдері жыл сайын мыңдаған туристерді қарсы алады, бұл үшін көл жағалауларында демалыс үйлері мен пансионаттар көптеп орналасқан.

10. «Көшпелілер тарихы» орталығы

Айта кетсек, Түркі кеңесіне мүше мемлекеттер — Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркия «Заманауи Жібек жолы» туристік пакетін әзірлеп жатыр. Бірлескен туристік өнім әлем туристерінің Жібек жолы елдерін тиімді аралауына мүмкіндік бермек. Жоба аясында «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Тимур Дүйсенғалиев Орталық Азия өңірінің жарнамасын көбейтуді ұсынды. «Түркия — туризм саласындағы үлкен нарық, бірақ қазіргі уақытта Орталық Азияда саяхаттап жүрген түркиялықты кезіктіру қиын. Туризм саласында Қазақстан Түркия мен Әзербайжан туристеріне өте маңызды жобаларды ұсына алады. Бір ғана Алтай — барлық түркі халықтарының тарихи отаны болып саналады. Кеше ғана Тарбағатайдан тағы бір Алтын адам табылды. Біздің дәуірімізге дейінгі 8-7 ғасырларға тиесілі бұл

қазбадан 10 мыңға жуық алтын әшекейлер табылды. Бұл — әлемдік маңызы бар жаңалық. Екінші қызықты бағыт — Қазақстанның оңтүстігіндегі Түркістан аймағы. Барша түркі халқы тәу ететін Түркістан қаласының өңір астанасы атануы да туризмге ерекше қолдау болып отыр. Одан бөлек, Сырдария маңындағы далада түркілердің Алтайдан кейінгі екінші астанасы — Янгикент қалашығы бар». Каспий теңізінде круиздік туризмді дамыту қажеттігін аталуда. «Заманауи Жібек жолы» жобасы бойынша алғашқы сапар тамыздың соңы мен қыркүйек айының басында Қазақстан мен Қырғызстанда жүргізілмек. Сапар барысында туристер Үшінші бүкіләлемдік көшпенділер ойынын тамашалай алады. «Заманауи Жібек жолы» туристік пакетінің веб-сайты таныстырылды. Онда туристер жиі баратын Қазақстандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Әзербайжандағы Керуен сарай, Қырғызстандағы Таш Рабат және Ыстанбұлдағы Үлкен базар туралы мағлұматтар берілген.

Туризм туралы түсінік Қазіргі кезде адам қызметінің әр түрлі формалары бар, олар жалпы жағдай жасауға және әлемді тануға бағытталған. Халық тұрмысының жақсаруы жаңа әлемді ашуға адамның қажеттілігін, соның ішінде саяхатқа құштарлығын арттырады. Саяхат дегеніміз – туризм. Туризм тек орын ауыстыру емес, ол көптеген экономикалық және әлеуметтік аспектілерді құрайды. Соңғы он жылда туризм мықты дербес индустрияға айналды. Туризм түсінігіне теориялық және практикалық тұрғыдан нақты анықтама берілуі керек. Көптеген Халықаралық талдаушылар мен мамандардың ойынша туризм де Қазақстанның өсуі мен өркендеуіне зор ықпалын тигізеді. Осы орайда Алматының туристік инфрақұрылымы елеміздегі ең дамыған инфрақұрылым болып отыр. Қаламыздың туристік қызметтері даму үстінде: 600ден астам туристік агенттіктер бар, 80-нен астам шетелдік компаниялармен байланыстар орнатылған. Өткен жылғы көші қон қызметінің көрсеткіші бойынша қаламызға көпшілігі «іскерлік туризм» өкілдері арқылы алыс және жақын шет елден 76000 қонақ келген.

Оқушының өзіндік жұмыстануына арналған сұрақтар:

Қазақстанда аталмай кеткен туристік орындарды атаңыз

Бөкей Ордасы шет елдік туристерді қызықтыратын туристік кешен бола алады деп ойлайсызба?

Ішкі туризм дамыту үшін қандай шаралар ұйымдастыру керек деп ойлайсыз?

Қазақстанның қандай әдемі қалаларында болдыңыз, қай қалаға барар едіңіз немесе ұсынар едіңіз?